

• Америка Құрама Штаттары



Нұртас Ондасынов атындағы Түркістан аймақтық
«Дарын» мектеп-интернатының география пәні мұғалімі
Фархад Сержанов

❖ Америка Құрама Штаттары жерінің ауданы жөнінен Ресей, Канада, Қытайдан кейінгі төртінші орын алады.



АҚШ жері материктік екі бөліктен және Гавай аралдарынан тұрады.

Әкімшілік құрылымы 50 штаттан, Вашингтон қаласы мен Колумбия округінен тұрады. Сондықтан Америка Құрама Штаттары деп аталады. 1959 жылы Гавай аралдары АҚШ-тың 50-ші штаты болып құрылады.

Астанасы – Вашингтон
Басқару формасы – Республикалық

Мемлекет басшысы – Президент
1776 жылы Тәуелсіздігін алды
Тәуелсіздік күні – 4 шілде

❖ 1867 жылы Алясканы Ресейден сатып алады.




13 қызыл және ақ жолақтар ең алғаш құрылған штаттардың санын білдіреді.



Тудағы жұлдызшалар 1960 жылы Тәуелсіздік күнінде пайда болды. Олар қазіргі штаттардың санын білдіреді.

АҚШ халқының саны жөнінен дүние жүзінде үшінші орын алады





Канада мен АҚШ
шекараларының аралығында
Ұлы көлдер жүйесі
орналасқан.

Оған 5 көл кіреді

1. Жоғары көл
2. Мичиган
3. Гурон
4. Онтарио
5. Эри



Эри мен Онтарио көлдерінің аралығында,
Ниагара өзені бойында Ниагара сарқырамасы орналасқан



Шаруашылығы

Елде мұнай мен табиғи газдың, тас көмір, металдардың қоры мол. Өнеркәсіп өнімдерін шығару жөнінде дүние жүзінде бірінші орын алады. АҚШ-тың шаруашылығы сан салалы, ең жетекші сала – машина жасау өнеркәсібі. АҚШ астық, сүт, ет, құс өнімдерін өндіруден дүние жүзінде бірінші орын алады.

Мичиган – автомобиль штаты

Детройт – автомобильдер астанасы

Сиэтл – «Бойнг» ұшағы жасалынады

Чикаго – жолаушы және жүк тасымалы
бойынша елде бірінші орында

Лос-Анджелес – кино өндірісінің орталығы
Голливуд орналасқан



Аляска балық аулау, аң терісі кәсіпшілігімен және орман шаруашылығымен белгілі.
Гавай аралдарының тұрғындары қант қамысы мен ананас өсіруге маманданған.


Мұнай және газ өндіретін маңызды штаттар



АҚШ табиғатты қорғау , жануарлар мен өсімдіктер дүниесін сақтап қалу мақсатында дүние жүзінде алғаш рет ұлттық парктерді ұйымдастыруды қолға алған мемлекет



Дүние жүзіндегі алғашқы
ұлттық парк Йеллоустон 1872
жылы 1 наурызда құрылды.



АҚШ-тың Вайоминг,
Монтана және Айдахо
штаттарының
территориясында
орналасқан



Йеллоустон ұлттық паркіндегі Алып гейзерінен атқылаған судың биіктігі 91 м-ге дейін жетеді.



Қазіргі таңда АҚШ жерінде 50-ден аса
ұлттық парктер бар